

Өнеркәсіп саласындағы жеке кәсіпкерлік аясында тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2014 жылғы 29 сәуірдегі № 141 және Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрінің 2014 жылғы 5 мамырдағы 127/ОД бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 13 маусымда № 9516 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2016 жылғы 29 маусымдағы № 527 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 8 шілдедегі № 317 бірлескен бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 29.06.2016 № 527 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 08.07.2016 № 317 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» 2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 4-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. Мыналар:

1) осы бірлескен бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Тау-кен (пайдалы қазбаларды барлау, өндіру), мұнай-химия, химия өндірістерін жобалау (технологиялық) және (немесе) пайдалану, мұнай-газ өңдеу өндірістерін жобалау (технологиялық), магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалану бойынша өнеркәсіп саласындағы жеке кәсіпкерлік аясында тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдері;

2) осы бірлескен бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Заңды тұлғаларда өз өндірісі барысында және құрамында түсті және (немесе) қара металл сынықтары және (немесе) қалдықтары болған мүліктік кешенді сатып алу нәтижесінде пайда болған түсті және қара металл сынықтары мен қалдықтарын өткізу жөніндегі қызметті қоспағанда, заңды тұлғалардың түсті және қара металл сынықтары мен қалдықтарын жинауы (дайындауы), сақтауы, өңдеуі және лицензиаттарға өткізуі бойынша өнеркәсіп саласындағы жеке кәсіпкерлік аясында тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдері бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Өнеркәсіп комитеті осы бірлескен бұйрық талаптарынына

зерделенуін және орындалуын қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Өнеркәсіп комитеті (Б.Ә. Қасымбеков) заңнамада белгіленген т ә р т і п п е н :

1) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бірлескен бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін оны күнтізбелік он күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің интернет-ресурсында жариялауды қамтамасыз етсін.

4. «Өнеркәсіп саласындағы жеке кәсіпкерлік аясында тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің 2012 жылғы 28 қарашадағы № 426 және Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігінің 2012 жылғы 5 желтоқсандағы № 325 бірлескен бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8204 болып тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінің 2013 жылғы 9 ақпандағы № 64 (28003) санында жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар бірінші вице-министрі А.П. Рауға жүктелсін.

6. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрінің орынбасары -

Өңірлік даму министрі

Қазақстан

Республикасының

Индустрия

және жаңа

технологиялар

министрі

Ә. Исекешев

Б. Жәмішев

Қазақстан

Республикасы

Премьер

-

Министрінің

орынбасары

-

Қазақстан

Республикасының

Индустрия

және

жаңа

технологиялар

министрінің

2014

жылғы

29

сәуірдегі

№ 141

және

Қазақстан

Республикасының

Өңірлік

даму

министрінің

2014

жылғы

5

мамырдағы

№

127/ОД

Тау-кен (пайдалы қазбаларды барлау, өндіру), мұнай-химия, химия өндірістерін жобалау (технологиялық) және (немесе) пайдалану, мұнай-газ өңдеу өндірістерін жобалау (технологиялық), магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалану бойынша өнеркәсіп саласындағы жеке кәсіпкерлік аясында тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдері

1. Осы Өнеркәсіп саласындағы жеке кәсіпкерлік аясында тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдері (бұдан әрі - Өлшемдер) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» 2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленген.

2. Осы Өлшемдерде мынадай ұғымдар қолданылады:

1) тәуекел – тексерілетін субъектінің қызметі нәтижесінде салдарының ауырлық дәрежесі ескеріле отырып, адамның өміріне немесе денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне, мемлекеттің мүліктік мүдделеріне зиян келтіру ықтималдығы;

2) тексерілетін субъектілер – қызметіне бақылау және қадағалау жүзеге асырылатын жеке тұлғалар, заңды тұлғалар, оның ішінде мемлекеттік органдар, заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктері.

3. Өнеркәсіп саласындағы тау-кен (пайдалы қазбаларды барлау, өндіру), мұнай-химия, химия өндірістерін жобалау (технологиялық) және (немесе) пайдалану, мұнай-газ өңдеу өндірістерін жобалау (технологиялық), магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын п а й д а л а н у Ө л ш е м д е р і :

1) бақылау субъектілерінің жүзеге асыратын қызмет түріне байланысты тәуекелдердің маңыздылығына негізделген объективтік;

2) тексерулер нәтижелері бойынша анықталған бақылау субъектілерінің лицензиялау саласындағы заңнаманы бұзушылыққа жол беруіне байланысты анықталатын субъективтік болып бөлінеді.

4. Бақылау субъектілерін тәуекел топтарына бастапқы жатқызу объективтік өлшемдер ескере отырып, жүзеге асырылады.

5. Бақылау субъектілерін тәуекел топтарына одан кейінгі жатқызу субъективтік өлшемдер ескере отырып, жүзеге асырылады.

6. Өнеркәсіп саласындағы тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті өлшемдерін ескере отырып тексерілетін, тау-кен (пайдалы қазбаларды барлау, өндіру), мұнай-химия, химия өндірістерін жобалау (технологиялық) және (

немесе) пайдалану, мұнай-газ өңдеу өндірістерін жобалау (технологиялық), магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалану жөніндегі өнеркәсіп саласындағы субъектілер тәуекелдің орташа дәрежесіне жатқызылады.

7. Бақылау субъектілерінің бұдан кейінгі тәуекел топтарына бөлінуі Тау-кен (пайдалы қазбаларды барлау, өндіру), мұнай-химия, химия өндірістерін жобалау (технологиялық) және (немесе) пайдалану, мұнай-газ өңдеу өндірістерін жобалау (технологиялық), магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалану бойынша өнеркәсіп саласындағы жеке кәсіпкерлік аясында тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдері қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады.

8. Осы Өлшемдердің қосымшасына сәйкес тәуекел өлшемдері бойынша балдар жалпы жиынтық қорытындыны анықтау үшін қосылады.

9. Жиынтық қорытынды нәтижелері тексерілетін субъектілерді тиісті тәуекел дәрежелері бойынша бөлу үшін мынадай тәртіпте пайдаланылады:

1) жоғарғы тәуекел тобына тексерулер нәтижесінде 10 және одан жоғары балл жинаған бақылау субъектілері жатқызылады;

2) орташа тәуекел тобына тексерулер нәтижесінде 3-тен 9 балға дейін жинаған бақылау субъектілері жатқызылады;

3) елеусіз тәуекел тобына тексерулер нәтижесінде 0-ден 2 балға дейін жинаған бақылау субъектілері жатқызылады;

4) тәуекелдің жоғарғы дәрежесіндегі бақылау субъектілері тәуекелдің орташа және төменгі дәрежесіне ауыстырылады;

5) тәуекелдің орташа дәрежесіндегі бақылау субъектілері тәуекелдің елеусіз дәрежесіне ауыстырылады;

6) тәуекелдің орташа және елеусіз дәрежесіндегі бақылау субъектілері анағұрлым жоғарғы және анағұрлым төменгі дәрежесіне ауыстырылады;

7) тәуекелдің елеусіз дәрежесіндегі бақылау субъектілері тәуекелдің орташа дәрежесіне ауыстырылады.

10. Тексерілетін субъектілерге бір тәуекел тобы ішінде жоспарлы тексеру өткізу үшін іріктеу мынадай қағидат бойынша жүзеге асырылады:

1) анағұрлым үлкен тексерілмеген кезең;

2) жинаған балдарының анағұрлым үлкен саны.

Тау-кен (пайдалы қазбаларды барлау, өндіру), мұнай-химия, химия өндірістерін жобалау (технологиялық) және (немесе) пайдалану, мұнай-газ өңдеу өндірістерін жобалау (технологиялық), магистральдық газ құбырларын, мұнай

кұбырларын, мұнай өнімдері
 құбырларын пайдалану бойынша
 өнеркәсіп саласындағы жеке
 кәсіпкерлік тәуекел дәрежесін
 бағалау өлшемдеріне
 қосымша

Тәуекел өлшемдері бойынша балдар

| № | Тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдері | Балдар |
|---|---|--------|
| 1 | 2 | 3 |
| Тау-кен өндірістерін жобалау (технологиялық) | | |
| | Меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде өндірістік база (ғимарат, үй-жайлар). Өндірістік база өтініш берілген кіші қызмет түрлеріне сәйкес жабдықталуға және мыналарды қамтуға тиіс: тау-кен өндірістерін жобалау үшін – жобалау үшін лицензияланған бағдарламалық қамтамасыз етудің, электронды-есептеу машиналарының, арнайы ұйымдастыру техникасы (принтерлер, көбейту-көшіру техникасы, плоттерлер және өзге де жабдық) болмауы | 10 |
| | Тиісті білім деңгейіне жауап беретін техникалық басшылар мен мамандардың біліктілік құрамы (басшылар үшін – тиісті салада жоғары техникалық, мамандар үшін – кемінде тиісті салада орта арнаулы білім) және басшылар үшін тиісті салада лицензияланатын қызметтің кіші түрі бойынша кемінде 3 жыл практикалық тәжірибесі болмауы | 7 |
| Қатты пайдалы қазбаларды (кең таралған пайдалы қазбаларды қоспағанда) өндіруді жобалау | | |
| 1 | Меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде өндірістік база (ғимарат, үй-жайлар). Өндірістік база өтініш берілген кіші қызмет түрлеріне сәйкес жабдықталуға және мыналарды қамтуға тиіс: қатты пайдалы қазбаларды (кең таралған пайдалы қазбаларды қоспағанда) өндіруді жобалау үшін – жобалау үшін лицензияланған бағдарламалық қамтамасыз етудің, электронды-есептеу машиналарының, арнайы ұйымдастыру техникасы (принтерлер, көбейту-көшіру техникасы, плоттерлер және өзге де жабдық) болмауы | 10 |
| 2 | Тиісті білім деңгейіне жауап беретін техникалық басшылар мен мамандардың біліктілік құрамы (басшылар үшін – тиісті салада жоғары техникалық, мамандар үшін – кемінде тиісті салада орта арнаулы білім) және басшылар үшін тиісті салада лицензияланатын қызметтің кіші түрі бойынша кемінде 3 жыл практикалық тәжірибесі болмауы | 7 |
| Қатты пайдалы қазбалардың кен орындарын әзірлеу жобаларын және технологиялық регламенттерді жасау | | |
| 1 | Меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде өндірістік база (ғимарат, үй-жайлар). Өндірістік база өтініш берілген кіші қызмет түрлеріне сәйкес жабдықталуға және мыналарды қамтуға тиіс: тау-кен өндірістерін жобалау үшін – жобалау үшін лицензияланған бағдарламалық қамтамасыз етудің, электронды-есептеу машиналарының, арнайы ұйымдастыру техникасы (принтерлер, көбейту-көшіру техникасы, плоттерлер және өзге де жабдық) болмауы | 10 |
| 2 | Тиісті білім деңгейіне жауап беретін техникалық басшылар мен мамандардың біліктілік құрамы (басшылар үшін – тиісті салада жоғары техникалық, мамандар үшін – кемінде тиісті салада орта арнаулы білім) және басшылар үшін тиісті салада лицензияланатын қызметтің кіші түрі бойынша кемінде 3 жыл практикалық тәжірибесі болмауы | 7 |
| Тау-кен өндірістерін пайдалану | | |
| 1 | Қызметтің лицензияланатын түрлері мен кіші түрлерін (жұмыстарын) орындаудың технологиялық регламентінің болмауы | 2 |
| 2 | Меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде өндірістік база (ғимарат, үй-жайлар). Өндірістік база өтініш берілген кіші қызмет түрлеріне сәйкес жабдықталуға және мыналарды | 10 |

| | | |
|--|--|----|
| | қамтуға тиіс: тау-кен өндірістерін пайдалану үшін – инженерлік құрылыстар, машиналар, тетіктер, құралдар, арнайы көліктер, жабдықтар, өлшеу жабдықтары және бақыланатын технологиялық процесстің болмауы | |
| 3 | Мыналарды: | |
| | машиналарды, тетіктерді, көлік құралдарын, аспаптарды, жабдықтарды пайдалануды және оларға техникалық қызмет көрсетуді | 3 |
| | еңбек қауіпсіздігін бақылауды | 3 |
| | метрологиялық бақылауды | 3 |
| | маркшейдерлік жұмыстарды | 3 |
| | қоршаған ортаны қорғау қамтамасыз ететін жауапты тұлғалар мен қызметтердің болмауы | 3 |
| 4 | Тиісті білім деңгейіне жауап беретін техникалық басшылар мен мамандардың біліктілік құрамы (басшылар үшін – тиісті салада жоғары техникалық, мамандар үшін – кемінде тиісті салада орта арнаулы білім) және басшылар үшін тиісті салада лицензияланатын қызметтің кіші түрі бойынша кемінде 3 жыл практикалық тәжірибесі болмауы | 10 |
| Қатты пайдалы қазбаларды (кең таралған пайдалы қазбаларды қоспағанда), өндіру | | |
| 1 | Қызметтің лицензияланатын түрлері мен кіші түрлерін (жұмыстарын) орындаудың технологиялық регламентінің болмауы | 2 |
| 2 | Меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде өндірістік база (ғимарат, үй-жайлар). Өндірістік база өтініш берілген кіші қызмет түрлеріне сәйкес жабдықталуға және мыналарды қамтуға тиіс: қатты пайдалы қазбаларды (кең таралған пайдалы қазбаларды қоспағанда) өндіру үшін – инженерлік | 10 |
| | құрылыстар, машиналар, тетіктер, құралдар, арнайы көліктер, жабдықтар, өлшеу жабдықтары және бақыланатын технологиялық процесстің болмауы | |
| 3 | Мыналарды: | |
| | машиналарды, тетіктерді, көлік құралдарын, аспаптарды, жабдықтарды пайдалануды және оларға техникалық қызмет көрсетуді | 3 |
| | еңбек қауіпсіздігін бақылауды | 3 |
| | метрологиялық бақылауды | 3 |
| | маркшейдерлік жұмыстарды | 3 |
| | қоршаған ортаны қорғау қамтамасыз ететін жауапты тұлғалар мен қызметтердің болмауы | 3 |
| 4 | Тиісті білім деңгейіне жауап беретін техникалық басшылар мен мамандардың біліктілік құрамы (басшылар үшін – тиісті салада жоғары техникалық, мамандар үшін – кемінде тиісті салада орта арнаулы білім) және басшылар үшін тиісті салада лицензияланатын қызметтің кіші түрі бойынша кемінде 3 жыл практикалық тәжірибесі болмауы | 10 |
| Ашық және жер асты тәсілдерімен қатты пайдалы қазбалардың кен орындарын ашу және әзірлеу | | |
| 1 | Қызметтің лицензияланатын түрлері мен кіші түрлерін (жұмыстарын) орындаудың технологиялық регламентінің болмауы | 2 |
| 2 | Меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде өндірістік база (ғимарат, үй-жайлар). Өндірістік база өтініш берілген кіші қызмет түрлеріне сәйкес жабдықталуға және мыналарды | 10 |

| | | |
|--|--|----|
| | камтуға тиіс: ашық және жер асты тәсілдерімен қатты пайдалы қазбалардың кен орындарын ашу және әзірлеу үшін – инженерлік құрылыстар, машиналар, тетіктер, құралдар, арнайы көліктер, жабдықтар, өлшеу жабдықтары және бақыланатын технологиялық процесстің болмауы | |
| 3 | Мыналарды: | |
| | машиналарды, тетіктерді, көлік құралдарын, аспаптарды, жабдықтарды пайдалануды және оларға техникалық қызмет көрсетуді | 3 |
| | еңбек қауіпсіздігін бақылауды | 3 |
| | метрологиялық бақылауды | 3 |
| | маркшейдерлік жұмыстарды | 3 |
| | қоршаған ортаны қорғау қамтамасыз ететін жауапты тұлғалар мен қызметтердің болмауы | 3 |
| 4 | Тиісті білім деңгейіне жауап беретін техникалық басшылар мен мамандардың біліктілік құрамы (басшылар үшін – тиісті салада жоғары техникалық, мамандар үшін – кемінде тиісті салада орта арнаулы білім) және басшылар үшін тиісті салада лицензияланатын қызметтің кіші түрі бойынша кемінде 3 жыл практикалық тәжірибесі болмауы | 10 |
| Кен орындарында технологиялық жұмыстарды жүргізу | | |
| 1 | Қызметтің лицензияланатын түрлері мен кіші түрлерін (жұмыстарын) орындаудың технологиялық регламентінің болмауы | 2 |
| 2 | Меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде өндірістік база (ғимарат, үй-жайлар). Өндірістік база өтініш берілген кіші қызмет түрлеріне сәйкес жабдыкталуға және мыналарды камтуға тиіс: кен орындарында технологиялық жұмыстарды жүргізу үшін – инженерлік құрылыстар, машиналар, тетіктер, құралдар, арнайы көліктер, жабдықтар, өлшеу жабдықтары және бақыланатын технологиялық процесстің болмауы | 10 |
| 3 | Мыналарды: | |
| | машиналарды, тетіктерді, көлік құралдарын, аспаптарды, жабдықтарды пайдалануды және оларға техникалық қызмет көрсетуді | 3 |
| | еңбек қауіпсіздігін бақылауды | 3 |
| | метрологиялық бақылауды | 3 |
| | маркшейдерлік жұмыстарды | 3 |
| | қоршаған ортаны қорғау қамтамасыз ететін жауапты тұлғалар мен қызметтердің болмауы | 3 |
| 4 | Тиісті білім деңгейіне жауап беретін техникалық басшылар мен мамандардың біліктілік құрамы (басшылар үшін – тиісті салада жоғары техникалық, мамандар үшін – кемінде тиісті салада орта арнаулы білім) және басшылар үшін тиісті салада лицензияланатын қызметтің кіші түрі бойынша кемінде 3 жыл практикалық тәжірибесі болмауы | 10 |
| Пайдалы қазбаларды өндіру үшін жару жұмыстарын жүргізу | | |
| 1 | Қызметтің лицензияланатын түрлері мен кіші түрлерін (жұмыстарын) орындаудың технологиялық регламентінің болмауы | 2 |
| 2 | Меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде өндірістік база (ғимарат, үй-жайлар). Өндірістік база өтініш берілген кіші қызмет түрлеріне сәйкес жабдыкталуға және мыналарды камтуға тиіс: пайдалы қазбаларды өндіру үшін жарылыс жұмыстарын жүргізу үшін: 1) лицензия немесе жарылғыш заттармен жұмыс жасауға лицензиясы бар мамандандырылған ұйым немесе жасалған шарт; 2) ұңғымаларды бұрғылауға арналған бұрғылау станогы болмауы | 10 |
| 3 | Мыналарды: | |
| | машиналарды, тетіктерді, көлік құралдарын, аспаптарды, жабдықтарды пайдалануды және оларға техникалық қызмет көрсетуді | 3 |
| | еңбек қауіпсіздігін бақылауды | 3 |
| | метрологиялық бақылауды | 3 |

| | | |
|--|--|----|
| | маркшейдерлік жұмыстарды | 3 |
| | қоршаған ортаны қорғау қамтамасыз ететін жауапты тұлғалар мен | 3 |
| | қызметтердің болмауы | |
| 4 | Тиісті білім деңгейіне жауап беретін техникалық басшылар мен мамандардың біліктілік құрамы (басшылар үшін – тиісті салада жоғары техникалық, мамандар үшін – кемінде тиісті салада орта арнаулы білім) және басшылар үшін тиісті салада лицензияланатын қызметтің кіші түрі бойынша кемінде 3 жыл практикалық тәжірибесі болмауы | 10 |
| Кеніштер мен шахталарды жабу бойынша жою жұмыстары | | |
| 1 | Қызметтің лицензияланатын түрлері мен кіші түрлерін (жұмыстарын) орындаудың технологиялық регламентінің болмауы | 2 |
| 2 | Меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде өндірістік база (ғимарат, үй-жайлар). Өндірістік база өтініш берілген кіші қызмет түрлеріне сәйкес жабдықталуға және мыналарды қамтуға тиіс: кеніштер мен шахталарды жабу бойынша жою жұмыстары үшін – инженерлік құрылыстар, машиналар, тетіктер, құралдар, арнайы көліктер, жабдықтар, өлшеу жабдықтары және бақыланатын технологиялық процесстің болмауы | 10 |
| 3 | Мыналарды: | |
| | машиналарды, тетіктерді, көлік құралдарын, аспаптарды, жабдықтарды пайдалануды және оларға техникалық қызмет көрсетуді | 3 |
| | еңбек қауіпсіздігін бақылауды | 3 |
| | метрологиялық бақылауды | 3 |
| | маркшейдерлік жұмыстарды | 3 |
| | қоршаған ортаны қорғау қамтамасыз ететін жауапты тұлғалар мен қызметтердің болмауы | 3 |
| 4 | Тиісті білім деңгейіне жауап беретін техникалық басшылар мен мамандардың біліктілік құрамы (басшылар үшін – тиісті салада жоғары техникалық, мамандар үшін – кемінде тиісті салада орта арнаулы білім) және басшылар үшін тиісті салада лицензияланатын қызметтің кіші түрі бойынша кемінде 3 жыл практикалық тәжірибесі болмауы | 10 |
| Ұңғымаларды жер астында және күрделі жөндеу; жабдықтар мен агрегаттарды бөлшектеу; ұңғымалар көтергішін орнату | | |
| 1 | Қызметтің лицензияланатын түрлері мен кіші түрлерін (жұмыстарын) орындаудың технологиялық регламентінің болмауы | 2 |
| 2 | Меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде өндірістік база (ғимарат, үй-жайлар). Өндірістік база өтініш берілген кіші қызмет түрлеріне сәйкес жабдықталуға және мыналарды қамтуға тиіс: ұңғымаларды жер астында және күрделі жөндеу; жабдықтар мен агрегаттарды бөлшектеу; ұңғымалар көтергішін орнату үшін – тиісті технологиялық жабдықтардың болмауы | 10 |
| 3 | Мыналарды: | |
| | машиналарды, тетіктерді, көлік құралдарын, аспаптарды, жабдықтарды пайдалануды және оларға техникалық қызмет көрсетуді | 3 |
| | еңбек қауіпсіздігін бақылауды | |
| | метрологиялық бақылауды | 3 |
| | маркшейдерлік жұмыстарды | 3 |
| | қоршаған ортаны қорғау қамтамасыз ететін жауапты тұлғалар мен қызметтердің болмауы | 3 |
| 4 | Тиісті білім деңгейіне жауап беретін техникалық басшылар мен мамандардың біліктілік құрамы (басшылар үшін – тиісті салада жоғары техникалық, мамандар үшін – кемінде тиісті салада орта арнаулы білім) және басшылар үшін тиісті салада лицензияланатын қызметтің кіші түрі бойынша кемінде 3 жыл практикалық тәжірибесі болмауы | 10 |
| Ұңғымаларды жөндеуден кейін сынау | | |
| | | |

| | | |
|---|---|----|
| 1 | Қызметтің лицензияланатын түрлері мен кіші түрлерін (жұмыстарын) орындаудың технологиялық регламентінің болмауы | 2 |
| 2 | Меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде өндірістік база (ғимарат, үй-жайлар). Өндірістік база өтініш берілген кіші қызмет түрлеріне сәйкес жабдықталуға және мыналарды қамтуға тиіс: ұңғымаларды жөндеуден кейін сынау үшін – тиісті технологиялық жабдықтардың болмауы | 10 |
| 3 | Мыналарды: | |
| | машиналарды, тетіктерді, көлік құралдарын, аспаптарды, жабдықтарды пайдалануды және оларға техникалық қызмет көрсетуді | 3 |
| | еңбек қауіпсіздігін бақылауды | 3 |
| | метрологиялық бақылауды | 3 |
| | маркшейдерлік жұмыстарды | 3 |
| | қоршаған ортаны қорғау қамтамасыз ететін жауапты тұлғалар мен қызметтердің болмауы | 3 |
| 4 | Тиісті білім деңгейіне жауап беретін техникалық басшылар мен мамандардың біліктілік құрамы (басшылар үшін – тиісті салада жоғары техникалық, мамандар үшін – кемінде тиісті салада орта арнаулы білім) және басшылар үшін тиісті салада лицензияланатын қызметтің кіші түрі бойынша кемінде 3 жыл практикалық тәжірибесі болмауы | 10 |
| Ұңғымаларды жуу, цементтеу, байқаудан өткізу және игеру | | |
| 1 | Қызметтің лицензияланатын түрлері мен кіші түрлерін (жұмыстарын) орындаудың технологиялық регламентінің болмауы | 2 |
| 2 | Меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде өндірістік база (ғимарат, үй-жайлар). Өндірістік база өтініш берілген кіші қызмет түрлеріне сәйкес жабдықталуға және мыналарды қамтуға тиіс: ұңғымаларды жуу, цементтеу, байқаудан өткізу және игеру үшін – тиісті технологиялық жабдықтардың болмауы | 10 |
| 3 | Мыналарды: | |
| | машиналарды, тетіктерді, көлік құралдарын, аспаптарды, жабдықтарды | 3 |
| | пайдалануды және оларға техникалық қызмет көрсетуді | |
| | еңбек қауіпсіздігін бақылауды | 3 |
| | метрологиялық бақылауды | 3 |
| | маркшейдерлік жұмыстарды | 3 |
| | қоршаған ортаны қорғау қамтамасыз ететін жауапты тұлғалар мен қызметтердің болмауы | 3 |
| 4 | Тиісті білім деңгейіне жауап беретін техникалық басшылар мен мамандардың біліктілік құрамы (басшылар үшін – тиісті салада жоғары техникалық, мамандар үшін – кемінде тиісті салада орта арнаулы білім) және басшылар үшін тиісті салада лицензияланатын қызметтің кіші түрі бойынша кемінде 3 жыл практикалық тәжірибесі болмауы | 10 |
| Химия өндірістерін жобалау (технологиялық) | | |
| 1 | Меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде өндірістік база (ғимарат, үй-жайлар). Өндірістік база өтініш берілген кіші қызмет түрлеріне сәйкес жабдықталуға және мыналарды қамтуға тиіс: химия өндірістерін жобалау (технологиялық) үшін – жобалау үшін лицензияланған бағдарламалық қамтамасыз етудің, электронды-есептеу машиналарының, арнайы ұйымдастыру техникасы (принтерлер, көбейту-көшіру техникасы, плоттерлер және өзге де жабдық) болмауы | 10 |
| 2 | Тиісті білім деңгейіне жауап беретін техникалық басшылар мен мамандардың біліктілік құрамы (басшылар үшін – тиісті салада жоғары техникалық, мамандар үшін – кемінде тиісті салада орта арнаулы білім) және басшылар үшін тиісті салада лицензияланатын қызметтің кіші түрі бойынша кемінде 3 жыл практикалық тәжірибесі болмауы | 7 |
| Химия өндірістерін пайдалану | | |
| | | |

| | | |
|---|--|----|
| 1 | Қызметтің лицензияланатын түрлері мен кіші түрлерін (жұмыстарын) орындаудың технологиялық регламентінің болмауы | 2 |
| 2 | Меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде өндірістік база (ғимарат, үй-жайлар). Өндірістік база өтініш берілген кіші қызмет түрлеріне сәйкес жабдықталуға және мыналарды қамтуға тиіс: химия өндірістерін пайдалану үшін: 1) тетіктер, технологиялық желілер, шикізатты дайындау, қайта өңдеу қондырғылары, шикізатты, дайын өнімдерді, жарылыс өрт қауіпті, улы күшті әсер ететін заттарды сақтау үшін арнайы жабдықталған қоймалар, үй-жайлар және сыйымдылықтар, меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде; 2) өнімнің стандарттарға, нормалар мен техникалық шарттарға сәйкестігін бақылау бойынша аккредиттелген зертхананың болмауы | 10 |
| 3 | Мыналарды: | |
| | машиналарды, тетіктерді, көлік құралдарын, аспаптарды, жабдықтарды пайдалануды және оларға техникалық қызмет көрсетуді | 3 |
| 1 | 2 | 3 |
| | еңбек қауіпсіздігін бақылауды | |
| | метрологиялық бақылауды | 3 |
| | технологиялық процесті сақтауды және берілген сападағы өнімнің шығарылуын сақтауды | 3 |
| | қоршаған ортаны қорғау қамтамасыз ететін жауапты тұлғалар мен қызметтердің болмауы | 3 |
| 4 | Тиісті білім деңгейіне жауап беретін техникалық басшылар мен мамандардың біліктілік құрамы (басшылар үшін – тиісті салада жоғары техникалық, мамандар үшін – кемінде тиісті салада орта арнаулы білім) және басшылар үшін тиісті салада лицензияланатын қызметтің кіші түрі бойынша кемінде 3 жыл практикалық тәжірибесі болмауы. | 10 |

Қазақстан Республикасы Премьер -
Министрінің орынбасары –
Қазақстан Республикасының
Индустрия және жаңа технологиялар
министрінің 2014 жылғы 29 сәуірдегі
№ 141 және Қазақстан Республикасының
Өңірлік даму министрінің 2014 жылғы
5 мамырдағы № 127/ОД
бірлескен бұйрығына
2-қосымша

Заңды тұлғаларда өз өндірісі барысында және құрамында түсті және (немесе) қара металл сынықтары және (немесе) қалдықтары болған мүліктік кешенді сатып алу нәтижесінде пайда болған түсті және қара металл сынықтары мен қалдықтарын өткізу жөніндегі қызметті қоспағанда, заңды тұлғалардың түсті және қара металл сынықтары мен қалдықтарын жинауы (дайындауы), сақтауы, өңдеуі және лицензиаттарға өткізуі бойынша өнеркәсіп

саласындағы жеке кәсіпкерлік аясында тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдері

1. Осы Өнеркәсіп саласындағы жеке кәсіпкерлік саясындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдері (бұдан әрі - Өлшемдер) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» 2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленген.

2. Осы өлшемдерде мынадай ұғымдар қолданылады:

1) тәуекел – тексерілетін субъектінің қызметі нәтижесінде салдарының ауырлық дәрежесі ескеріле отырып, адамның өміріне немесе денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне, мемлекеттің мүліктік мүдделеріне зиян келтіру ықтималдығы;

2) тексерілетін субъектілер – қызметіне бақылау және қадағалау жүзеге асырылатын жеке тұлғалар, заңды тұлғалар, оның ішінде мемлекеттік органдар, заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктері.

3. Өнеркәсіп саласындағы заңды тұлғаларда өз өндірісі барысында және құрамында түсті және (немесе) қара металл сынықтары және (немесе) қалдықтары болған мүліктік кешенді сатып алу нәтижесінде пайда болған түсті және қара металл сынықтары мен қалдықтарын өткізу жөніндегі қызметті қоспағанда, заңды тұлғалардың түсті және қара металл сынықтары мен қалдықтарын жинауы (дайындауы), сақтауы, өңдеуі және лицензиаттарға өткізуі бойынша Ө л ш е м д е р і :

1) бақылау субъектілерінің жүзеге асыратын қызмет түрлеріне байланысты тәуекелдердің маңыздылығына негізделген объективтік;

2) тексерулер нәтижелері бойынша анықталған бақылау субъектілерінің лицензиялау саласындағы заңнаманы бұзушылыққа жол беруіне байланысты анықталатын субъективтік болып бөлінеді;

4. Бақылау субъектілерін тәуекел топтарына бастапқы жатқызу объективтік өлшемдер ескеріле отырып, жүзеге асырылады.

5. Бақылау субъектілерін тәуекел топтарына одан кейінгі жатқызу субъективтік өлшемдер ескеріле отырып, жүзеге асырылады.

6. Өнеркәсіп саласындағы тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті өлшемдерін ескере отырып тексерілетін, заңды тұлғаларда өз өндірісі барысында және құрамында түсті және (немесе) қара металл сынықтары және (немесе) қалдықтары болған мүліктік кешенді сатып алу нәтижесінде пайда болған түсті және қара металл сынықтары мен қалдықтарын өткізу жөніндегі қызметті қоспағанда, заңды тұлғалардың түсті және қара металл сынықтары мен қалдықтарын жинауы (дайындауы), сақтауы, өңдеуі және лицензиаттарға өткізуі бойынша өнеркәсіп саласындағы субъектілер тәуекелдің орташа дәрежесіне

ж а т қ ы з ы л а д ы .

7. Бақылау субъектілерінің бұдан кейінгі тәуекел топтарына бөлінуі Заңды тұлғаларда өз өндірісі барысында және құрамында түсті және (немесе) қара металл сынықтары және (немесе) қалдықтары болған мүліктік кешенді сатып алу нәтижесінде пайда болған түсті және қара металл сынықтары мен қалдықтарын өткізу жөніндегі қызметті қоспағанда, заңды тұлғалардың түсті және қара металл сынықтары мен қалдықтарын жинауы (дайындауы), сақтауы, өңдеуі және лицензиаттарға өткізуі бойынша өнеркәсіп саласындағы жеке кәсіпкерлік аясында тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдері қосымшаға сәйкес жүзеге а с ы р ы л а д ы .

8. Осы Өлшемдердің қосымшасына сәйкес тәуекел өлшемдері бойынша балдар жалпы жиынтық қорытындыны анықтау үшін қосылады.

9. Жиынтық қорытынды нәтижелері тексерілетін субъектілерді тиісті тәуекел дәрежелері бойынша бөлу үшін мынадай тәртіпте пайдаланылады:

1) жоғары тәуекел тобына тексерулер нәтижесінде 17 және одан жоғары балл жинаған бақылау субъектілері жатқызылады;

2) орташа тәуекел тобына тексерулер нәтижесінде 9-дан 16 балға дейін жинаған бақылау субъектілері жатқызылады;

3) елеусіз тәуекел тобына тексерулер нәтижесінде 0-ден 8 балға дейін жинаған бақылау субъектілері жатқызылады;

4) тәуекелдің жоғары дәрежесіндегі бақылау субъектілері тәуекелдің орташа және төменгі дәрежесіне ауыстырылады;

5) тәуекелдің орташа дәрежесіндегі бақылау субъектілері тәуекелдің төменгі дәрежесіне ауыстырылады;

6) тәуекелдің орташа және елеусіз дәрежесіндегі бақылау субъектілері анағұрлым жоғарғы және анағұрлым төменгі дәрежесіне ауыстырылады;

7) тәуекелдің елеусіз дәрежесіндегі бақылау субъектілері тәуекелдің орташа дәрежесіне ауыстырылады.

10. Тексерілетін субъектілерге бір тәуекел тобы ішінде жоспарлы тексеру өткізу үшін іріктеу мынадай қағидат бойынша жүзеге асырылады:

1) анағұрлым үлкен тексерілмеген кезең;

2) жинаған балдарының анағұрлым үлкен саны.

Заңды тұлғалардың өз өндірісі барысында және құрамында түсті және (немесе) қара металл сынықтары және (немесе) қалдықтары болған мүліктік кешенді сатып алу нәтижесінде пайда болған түсті және қара металл сынықтары мен қалдықтарын өткізу жөніндегі қызметті қоспағанда, заңды тұлғалардың түсті және қара металл сынықтары

мен қалдықтарын жинауы (дайындауы), сақтауы, өңдеуі және лицензиаттарға өткізуі бойынша өнеркәсіп саласындағы жеке кәсіпкерлік тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдеріне қосымша

Тәуекел өлшемдері бойынша балдар

| № | Тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдері | Баллар |
|--|--|--------|
| 1 | 2 | 3 |
| <p>Занды тұлғаларда өз өндірісі барысында және құрамында түсті және (немесе) қара металл сынықтары және (немесе) қалдықтары болған мүліктік кешенді сатып алу нәтижесінде пайда болған түсті және қара металл сынықтары мен қалдықтарын өткізу жөніндегі қызметті қоспағанда, заңды тұлғалардың түсті және қара металл сынықтары мен қалдықтарын жинауы (дайындауы), сақтауы, өңдеуі және лицензиаттарға өткізуі</p> | | |
| 1 | Мамандандырылған жеке меншік құқығындағы қоршалған өндірістік базамен қамтитын мыналардың болмауы: | |
| | оттегі және пропаны бар баллондарды сақтауға арналған орынның | 2 |
| | қара және түсті металдардың сынықтары мен қалдықтарын және қорытпаларды топтары, түрлері, маркалары мен сұрыптары бойынша бөліп сақтауға арналған контейнерлерді немесе алаңдардың | 2 |
| | түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинауға (дайындауға), сақтауға және қайта өңдеуге арналған жабық үй-жайды не асфальтталған немесе қатты жамылғылы орынның | 2 |
| | сынықтар мен қалдықтарды сұрыптауға, кесуге және пакеттеуге арналған жабдығы мен құралдары бар арнайы алаңдарды немесе өндірістік үй-жайлардың | 2 |
| | өрт сөндіру құралдарымен жарактандырылған түсті және қара металдардың жарылу қаупі бар сынықтарына арналған қойманың | 17 |
| | жұмысшы персоналды орналастыруға арналған қызметтік үй-жайдың | 1 |
| | белгіленген тәртіппен тіркелген кемінде 50 %-ы электромагниттік шайбалармен не грейферлік қапсырулармен жаракталуы тиіс жүк көтергіштігі кемінде 5 тонна стационарлық немесе ұтқыр жеке меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздегі жүк көтергіш жабдықтың | 3 |
| | қара металдардың сынығын отпен кесуге арналған жабдықты, оның ішінде қысыммен жұмыс істейтін ыдыстардың | 2 |
| | қара металдардың жеңіл салмақты сынығын пакеттеуге арналған | 2 |
| | престерді, гидроқайшыларды, жоңқаны сұрыптауға және ұсақтауға арналған қондырғылардың | |
| | олардың салыстырып тексерілгені туралы сертификаты бар өлшем құралдарының (автомобиль немесе темір жол таразыларын және басқа да өлшем құралдарын) | 1 |
| | салыстырып тексерілгені туралы сертификаты бар қара және түсті металдардың сынықтары мен қалдықтары радиациясының деңгейін өлшеуге арналған дозиметрлік немесе радиометрлік жабдықтың болмауы | 9 |
| 2 | қара және түсті металдардың сынықтары мен қалдықтарын тасымалдау үшін жеке меншік құқығындағы немесе өзге заңды негіздегі (жүк) автокөліктің болмауы | 2 |
| | | |

| | | |
|---|--|----|
| 3 | мынадай мөлшерлерде: түсті металдардың сынықтарымен және қалдықтарымен жұмыс істеу үшін - кемінде 400 шаршы метр; қара металдардың сынықтарымен және қалдықтарымен жұмыс істеу үшін - кемінде 1000 шаршы метр автокөлік үшін кіреберіс жолдары бар және/немесе кіреберіс темір жол тұйықтары бар жеке меншік немесе жалға алу құқығындағы жер учаскесі не оның үлесі болмауы | 3 |
| 4 | заңды тұлғаның басшысы бекіткен түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, қайта өңдеу және сату жөніндегі нұсқаулықтың болмауы | 2 |
| 5 | пайдаланылатын жабдықпен жұмыс істеу үшін арнайы даярлықтан өткен білікті персоналдың (краншылар, престеушілер, газбен кесушілер, пиротехниктер, дозиметршілер) болмауы | 17 |
| Мамандандырылған өндірістік базадан өзге жерде аумақтық орналасқан жеке меншік немесе жалға алу құқығындағы, қоршалған қабылдау пунктін ашқан жағдайда: | | |
| 1 | қоршаудың болмауы | 1 |
| 2 | қолма-қол ақшамен жұмысқа ыңғайланған (сейф немесе арнайы жабдықталған касса, байланыс құралдары, фискальдық жады бар бақылау-кассалық аппарат) үй-жайдың болмауы | 2 |
| 3 | олардың салыстырып тексерілгені туралы сертификаты бар өлшем құралдарының (автомобиль немесе темір жол таразыларын және басқа да өлшем құралдары) болмауы | 1 |
| 4 | қабылдау пунктінің заңды тұлғаға тиесілілігі, лицензия нөмірі, жұмыс режимі көрсетілген маңдайшаның болмауы | 1 |
| 5 | кемінде 200 шаршы метр алаңның болмауы. | 2 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК